

**«Алпамыс» бөбекжайы КМҚК әдістемелік кеңес отырысының
№5 хаттамасынан үзінді**

30.08.2024 ж.

Қатысқаны: 34
Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде:

1. Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту. (Өз тәжірибесімен бөлісу)
«Еркем-ай» ересектер тобының тәрбиешісі :Наурызбаева Д.К.
2. Дидактикалық ойындар жинағы (өз тәжірибесінен)
«Ботажан» ортаңғы тобының тәрбиешісі Жумабаева Г.Б.
3. « Балалардың дағдылары мен дағдыларын қалыптастырудың бойынша дидактикалық ойындар жинағы»
«Балдәурен » ортаңғы тобының тәрбиешісі Алимханова Ж.С.
4. «Баланың тілін дамытудағы санамақтар»
«Балдәурен » ортаңғы тобының тәрбиешісі Жекейбекова Ж.Т.
5. Іскерлік ойын: «Өз-өзіңді таны»

Әдіскер: Базарбаева К.М.

Тыңдалды: Бөбекжай әдіскері Шайгозова Айжан Мукановна: - бөбекжайда кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топтары бар. Осы топтардағы танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын дамыту болып табылады. Біздің педагогтер балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда өз тәжірибелерінде дидактикалық ойындар жинағы, топтамалар жинақтап, ұйымдастырылған іс-әрекетте кеңінен қолдануда. Бүгін сіздерге ойын арқылы баланың танымдық қабілеттерін дамытуда өз іс-тәжірибесінде қолданып жүрген педагогтердің әдістемелік құжаттарымен танысасыздар.

Сөз алды: Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту тақырыбы бойынша «Еркем-ай » ересек тобының тәрбиешісі Наурызбаева Д.К. өз тәжірибесімен бөлісті. - «Ойын бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын- бала әрекетінің негізгі

түрі. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Өз тәжірибемде балалардың қандай ойын түріне қызығатын анықтап аламын. Сосын, сол ойын түрін жиі топта ұйымдастырамын. Алдын-ала ойынның негізгі құрылымдық элементтерін анықтап алуымыз қажет. Яғни, ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рольдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ұсынатын ойын ережесі. Өзім әр ойыннан соң балалардың көңіл-күйін бақылап отырамын. Өзімнің тәжірибеме сүйене отырып, балаларды зерттей отырып, танымдық қабілеттерін арттыруға арналған ойындар «Қызықты ойындар» топтамасын құрастырдым.

Қаулы етті: «Қызықты ойындар » жинағы бөбекжай іс-әрекеттерінде қолданылсын.

Сөз алды: «Ботажан » ортаңғы тобының тәрбиеші Жумабаева Гүлімжан өз тәжірибесінде кіші топта «Дидактикалық ойындар» атты жинағымен таныстырды. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын. Соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге септігін тигізеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады. Өз іс-тәжірибемде мен балалармен тілдік дидактикалық сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретемін. Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындарды пайдаланамын.

Қаулы етті: кіші топтарда «Дидактикалық ойындар» ойын жинағы баланың тілін дамыту үшін қолданысқа енсін.

Сөз алды: Ортаңғы топ тәрбиешісі Алимханова Ж.С. өз тәжірибесінде қолданатын «Балалардың дағдылары мен дағдыларын қалыптастырудың бойынша дидактикалық ойындар жинағы» топтамасын таныстырды. Сонымен бірге кіші топ тәрбиешісі Жекейбекова Ж.Т. «Баланың тілін дамытудағы санамақтар» атты жинағымен таныстырды. Санамақ ойыны осылайша сұрақ қойып, түрлі сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды үйретеді. Тәрбиеші өз жұмысында баланың тілін дамытуда жиі қоланатынын айта отырып, бірнеше түрлерімен таныстырды.

Қаулы етті: Дидактикалық ойындар жинағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай қолданылсын.

Сөз алды: бөбекжай әдіскері Базарбаева К.М.- «Өз –өзінді таны» атты іскерлік ойын ұйымдастырды. Ойынның мақсаты: педагогтер арасында қарым-қатынас нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, өзін-өзі бағалауын, шеберлігін дамыту. Эмоционалды ауырлықтан арылу. Әдіскер ойыны төмендегідей:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. «Өзінді тереңірек тани біл!», «Мінез сандары».
3. «Сыйлық кімге бұйырады?» ойыны.
4. Ойын-пантомина
5. «Кір жуу машинасы» сергіту сәті.
6. Релаксация.
7. Кері байланыс.

Әр адам өз өзін тануға, білуге ұмтылуы керек, сол кезде ғана ол өз ішкі дүнесінің әміршісі бола алады,-деп ойынды қорытындылады.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1.Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру үшін әр топта жас ерекшеліктеріне қарай педагогтердің ұсынған топтамалары бөбекжай ішінде жас ерекшеліктеріне қарай қолданылсын.

2.Педагогтер арасында балаларға ойындар ұйымдастыруда және педагогтер арасында ауызбіршілікті, сыластықты қалыптастыруға арналған тренинг ойындар жиі ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Ж.Жазбекова

Хатшы:



А.Жумаханова

«Алпамыс» бөбекжайы КМҚК

Дидактикалық ойындар ТОПТАМАСЫ


Дайындаған: Жумабаева Г.Б.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.



«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат. б.)



«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: Ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.



«Жапырағына қарай ажырат»

Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.
Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар

Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу.




«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: Бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: Бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.



Қайсысы қайда тіршілік етеді

Мақсаты: Жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: Әр түрлі жануарлар, құстар суреті

Ойын барысы: Әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады.

Көрнекіліктер: Қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



«Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен.

Көрнекіліктер: Егін даласына қажетті суреттер

Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.




«Бұл қандай құс?»

Мақсаты: Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.

Көрнекіліктер: Құстардың суреттері.

Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)




«Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Үй жануарларының, төлдердің суреті.

Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы білетін жұмбақтарын шешкізеді.



«Жалпы атауын ата»

Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.

Көрнекілік: Жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.




«Қайсысы ұнайды?»

Мақсаты: Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: Әр түрлі суреттер, жануарлар, жыл мезгілдерінің суреттері

Ойын барысы: Әр түрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны туралы сұралады, олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады.





«Не артық?»

Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әр түрлі құстар мен жануарлары бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады.

Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.




«Сандық»

Мақсаты: Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге баулу.

Ойын шартын түсініп, ондағы мақал-мәтел, жұмбақ дұрыс анық айтуға үйрету. Сөздік қорын молайтып, тапсырманы орындауда достық, жолдастыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сандық, түрлі-тісті асықтар, тапсырмалар жазылған конверт.

Ойын барысы: Сандық ішіне салынған түрлі-тісті асықтар. Асықтар қызыл, жасыл, сары түске боялған. Әр түске берілетін тапсырмалар әр түрлі. Ол тапсырмалар конвертке салынады: жасыл асық алған бала-жұмбақ жасырады, сары түсті алған бала -мақал-мәтел айтады, қызыл түсті алған бала тақпақ айтады.



«Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: Жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы : Бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



«Жер, су, ауа»

Мақсаты: Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Асық

Ойын шарты: Балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезімен тәрбиелейік. Бір бала ортаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер се ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.



«Бұл киімді қай мезгілде киеді?»

Мақсаты: Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.

Көрнекілік: Жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті

Ойын шарты: Суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.



«Бізге күз не әкелді?»

Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Күздің суреттері, жемістер мен көкөністердің суреттері.

Ойын шарты: Суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады.



«Кімге не керек?»

Мақсаты: Балалар мұғалім, дәрігер, құрлысшы, спортшыға қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету.

Ойын шарты: Суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табу.



«Қайдан сатып алуға болады?»

Мақсаты: Азық - түлік, көкөніс, жеміс - жидек атауларын еске түсіру мен оларды ажырату білу . Алма, нан, сүт, ірімшік, қияр, пияз, орамжапырақ, таңқурай, бұлдірген, құлпынай, май, қаймақ, шұжық, алма, жүзім, алмұрт, сәбіз, қызылша

Азық – түлік дүкені

көкөніс дүкені


жеміс - жидек дүкені

Ойын шарты:

Әр тағамды өз дүкеніне орналастыра алады.

Мысалы: Мен әжеммен азық-түлік дүкеніне бардым. Әжем нан, май, сүт, ірімшік сатып алды. Кейін біз көкөніс дүкеніне бардық.

Онда біз орамжапырақ, қартоп, қияр, қызанақ сатып алдық.



«Жануарларды қалай күту қажет?»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

1. Жануарларды жақсы көру керек.
1. Жануарларды күту керек.
2. Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек.

Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды



«Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: Балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

Ойын шарты: Гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.



«Құстарға қалай көмектесеміз?»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Ойын шарты: Суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. - Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?

- Құстар ұяны не үшін салады?
- Құстардың денесін не жауып тұрады?



